

Әкімдіктің 2007 жылғы 22 қарашадағы № 1587 "Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 649 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 шілдеде № 9-2-139 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 21 ақпандағы № 141 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің
21.02.2011 № 141 қаулысымен.
Р Қ А О ескертпесі.**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7, 19-баптарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңың іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысының негізінде, Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі 9243, Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2007 жылғы 22 қарашадағы № 1587 (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі 9-2-92, 2008 жылғы 4 қаңтарда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған, әкімдіктің 2008 жылғы 1 шілдедегі № 998 "Әкімдіктің 2007 жылғы 22 қарашадағы № 1587 "Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысымен өзгерістер енгізілді, Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі 9-2-112, 2008 жылғы 19 тамызда "Рудненский рабочий" газетінде № 85 болып жарияланған, әкімдіктің 2009 жылғы 27 наурыздағы № 368 "Әкімдіктің 2007 жылғы 22 қарашадағы № 1587 "Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Нормативтік

құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі 9-2-133, 2009 жылғы 15 мамырда "Рудненский рабочий" газетінде № 19 болып жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының атауы мына редакцияда жазылсын:

"Кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға жіберілген табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарға және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарға, сондай-ақ жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету туралы";

1-тармақта "кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға жіберілген жұмыссыздарға" сөздері "аз қамтылғандар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарға және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарға, сондай-ақ кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға жіберілген жұмыссыздарға" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары А.А. Ишмұхамбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Н. Денинг